



Моңғолия қазақтарының ауызекі сөйлеуіндегі кірме сөздер¹

А. Байгаж

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы
(E-mail: aika4280@mail.ru)

ARTICLE INFO

АННОТАЦИЯ

Кілт сөздер:

көші-қон, Моңғолия қазақтары, тілдік байланыс, моңғол тілінен енген сөздер, Баян-өлгий диалектісі, ауызекі сөйлеу, лексикалық мағынаның сақталуы, фонетикалық өзгерістер.

МРНТИ 16.41.25

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-3-159-174>

Шетелде тұратын қазақтардың тілін зерттеудің өзектілігі олардың диалектілік және тіларалық байланыстар жағдайында қалыптасуы, қызмет етуі және тілдік ерекшеліктерін сақтауымен анықталады. Этникалық қазақтар әртүрлі тарихи, әлеуметтік, саяси себептермен, аймақтық-мәдени жағдайларға байланысты әлемнің түкпір-түкпірінде, соның ішінде Моңғолия аумағында да өмір сүруде. XX ғасырдың бірінші жартысында қазақтардың Батыс Моңғолияға, оның ішінде Баян-Өлгий аймағына көшу үрдісі қарқынды жүре бастайды, сол кезден бастап-ақ олар моңғол тілінен енген кірме сөздермен өз лексемаларын толықтырып, өзіндік диалектісін құрады, әрине, бұған бірден-бір әсер етуші себеп моңғол тілдік орта болмақ.

Қазақ тіліндегі моңғол сөздеріне арналған зерттеулер де жоқ емес, бірақ соған қарамастан, кірме сөздерді зерттеу қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек, сондықтан да жүйелі көзқарасты талап етері анық. Моңғолия қазақтарының тіліне енген кірме сөздерді зерттеу барысында автор, адам өмірінің әр түрлі саласынан мысалдар келтіре отырып, сауалнама жүргізу әдісін қолдану арқылы ең көп қолданылатын кірме сөздерге және моңғолия қазақтарының тіліндегі негізгі факторлардың бірі – қостілділік екеніне тоқтала отырып, келесідей тұжырымға келеді: 1) Моңғолиядағы қазақтардың тілін жергілікті диалектіге жатқызады; 2) диалектінің қолданылу аясы – ол тек ауызекі сөйлеу барысында ғана қолданылады; 3) қазақ тіліне енген кірме сөздердің лексикалық мағынасы толыққанды сақталады, бірақ тілдердің әр түрлі типологиясы мен артикуляциялық базасының ерекшеліктеріне байланысты консонантизм мен вокализм саласында фонетикалық өзгерістерге ұшырайды.

Received 24 July 2024. Revised 26 July 2024. Accepted 14 August 2024. Available online 30 September 2024.



Дәйексөз үшін: А. Байгаж Моңғолия қазақтарының ауызекі сөйлеуіндегі кірме сөздер // Turkic Studies Journal. 2024. Т. 6. № 3. 159-174 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-3-159-174>

For citation: A. Baigazh Borrowed words in the oral speech of Mongolian Kazakhs // Turkic Studies Journal. 2024. Vol. 6. No 3. P. 159-174. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-3-159-174>

¹ Мақала AP14972870 «Қыпшақ және моңғол тілдерінің тілдік қарым-қатынасы» атты гранттық жоба негізінде жазылды.

Кіріспе

Кезінде тарыдай шашылған қазақтар Қытай, Моңғолия, Түркия және Өзбекстан сынды елдерге бөлініп тарап кеткені баршаға мәлім. Солардың ең ірі өкілдерінің бірі Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында мекен етуде. Ол аймақты мекендеушілердің ішінде халхалар (халх) ең үлкен этникалық топ (83,8%) болса, қазақтар екінші үлкен этникалық топты (3,8%) құрайды; сонымен қатар Дөрвөд (2,6%), Баяд (2,0%), Буриад (1,4%), Захчин (1,4%), Дариганга (1,2%) және қалғандары халықтың бір пайызынан аз бөлігін құрайды (NSOM, 2020: 52).

Көшпелі өмір салтында ұқсас тұстары бар болғанына қарамастан, халхалар мен қазақтар арасындағы негізгі айырмашылықтар діні мен тілінде. Моңғолиядағы қазақтар көшпелі өмір салтын, тілін, саятшылықты, дәстүрлі халық өнері мен қолөнерін қазірге дейін сақтап келеді. Ұлттық деңгейде моңғол тілі негізгі қарым-қатынас тілі болса да, Баян-Өлгий аймағында қазақ тілі негізгі тіл болып табылады. Моңғолиядағы қазақтар өздерін мұсылман санайды, ал басқа этностардың негізгі діні – буддизм.

Қазақтардың басым бөлігі Батыс Моңғолияның Баян-Өлгий аймағында өмір сүруде. Провинция ретінде Баян-Өлгий 1940 жылы Моңғол Халық Республикасының Кіші Құрылтайында (Бага Хурал) белгіленген шешім бойынша, Ховд аймағынан бөлініп, жеке аймақ ретінде орнады да, «Баян-Өлгий» – Бай-Бесік атауы берілді. Моңғолияда жалпы 120 999 қазақ тұрады, олардың басым бөлігі, яғни 108 530 адам Баян-Өлгий аймағында (77,3%) тұрса, қалған бөлігі Ұланбатырда (Улаанбаатар) (8,9%) және Ховд аймағында (8,3%) өмір сүреді. Сонымен қатар, Сэлэнгэ, Төв және Хэнтий аймақтарында да өмір сүреді (NSOM, 2020: 54). Баян-Өлгий халқының 91 пайызы этникалық қазақтар, ал қалғандары урианхай, дөрвөд, халха және тыва сынды этникалық топтардан тұрады. Географиялық жағынан аймақ Қытай Халық Республикасының Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданымен және Ресей Федерациясының Алтай Республикасымен шекараласады.

Моңғолия қазақтарының тіліндегі ерекшеліктерді тек кірме сөздердің қолданылуынан ғана емес, фонетикалық, лексикалық және морфологиялық өзгешеліктерінен де байқауға болады. Бұл өзгешеліктер, әрине, орналасқан елдің, жердің және басқа тілдің әсерінен туындауы даусыз. Тілдердің бір-бірімен байланысы тек тарихи оқиғаларға, саяси-әлеуметтік факторларға ғана байланысты емес, этникалық топтардың бір-бірімен күнделікті өміріндегі байланысының нәтижесінде кірме сөздер, диалект сөздер пайда болады (Бодуэн де Куртенэ, 1963: 362-372). Бұл диалект сөздер адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасында, сауда-саттық сынды күнделікті тіршілік кезінде адамның тіл байлығына еш мәжбүрсіз еніп, табиғи жағдайда дамып келе жатқаны белгілі үрдіс.

Материалдар және зерттеу әдістері

Осыған байланысты, әр аумақта өмір сүретін адамдардың өмір сүру салтында, табиғи байланыс үрдісінде туындайтын тілдік өзара әрекеттесу мәселесі лингвистикалық

зерттеулерде ерекше өзектілікке ие, өйткені ол әрбір сөздің қолданылу ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді. Мақаланың мақсаты мен міндеттерін толыққанды ашып көрсету үшін диалектілердің бірегейлігін және әрекетінің маңыздылығын ескере отырып, диалект сөздерді зерттеудің дәстүрлі әдістері (сипаттау, салыстырмалы және т.б. әдістері) қолданылды. Зерттеу материалы ретінде моңғол тілінен қазақ тіліне енген сөздер қазақша-моңғолша, моңғолша-қазақша сөздіктер, түсіндірме сөздіктер, тарихи-этимологиялық сөздіктер, оқулықтар мен ғылыми еңбектердегі тілдік деректер мен тұжырымдар ортақ тақырыптық топтарды анықтау үшін пайдаланылды. Моңғол тілінен алынған сөздер мына дереккөздерден таңдап алынды: Б. Базылхан құрастырған «Қазақша-моңғолша сөздік» (1977), Б. Базылхан «Моңғолша-қазақша сөздік» (1984), «Моңғолша-орысша сөздік» (1957) сөздіктерінің мәліметтері – семантикалық талдау әдістерін қолдана отырып, лингвистикалық материалды үздіксіз іріктеу әдістерін, сипаттамалық-аналитикалық, салыстыру әдістерімен анықталды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Қазақ көшпелілерінің Батыс Моңғолияға қоныстануы ХІХ ғасырдың ортасына жатады. Ғалымдар олардың көшуінің негізгі үш себебін сипаттайды. Басты себебі Жібек жолындағы сауда-саттықтың төмендеуіне байланысты экономикалық жағдайдың нашарлауымен байланысты. Синолог Малявин ХVІ ғасырдың аяғында Мин империясының солтүстік-батыс бөлігінде халықаралық сауданың құлдырай бастағанын, экономикалық қиындықтар жергілікті мұсылман халқының жиі көтерілістеріне әкелгенімен түсіндіреді (Малявин, 2000: 289-92).

Екінші себепті билік тарапынан исламды басып-жаншумен байланыстырады. Мұсылмандар Мин әулетінің құлауына себеп болған көтерілістерге қатысқан қауымдастықтар арасында да болған. Нәтижесінде, келесі Цин әулеті Қытайдағы исламды шектеу үшін әртүрлі шаралар қолданады (Малявин, 2000: 291). Қытайда исламның таралуын VІІ ғасырдан бастауға болатынына қарамастан, мұсылмандар мен қытай қауымдары арасындағы қарым-қатынастар көбінесе антагонистік сипатта болды. ХVІІ ғасырдан бастап билік мұсылман халқының бірнеше ірі көтерілістерін аяусыз басып, оларға қатысты шектеулерді күшейткен.

Үшінші себеп – қытай отаршыларының қазақ жайлауларына қоныстануы және одан туындаған жер даулары. Тарихшылар қазақтардың Моңғолияға көшуінің артында көшпелі мал шаруашылығындағы ұқсастықтар болғанын да айтады (Қозғамбаева, Алпысбаева, 2019: 97). Көшпелі малшылар ретінде олар үнемі шөбі шүйгін, суы тұнық, жаңа жайылымдарға мұқтаж болды, бірақ Алтай аймағындағы егіншіліктің қарқынды дамуы бос жерлердің барлығын қоршап, қарапайым малшы қауымның жайылымдық жерлерін шектейді. Нәтижесінде экономикалық жағдайдың құлдырауы, дінге байланысты шектеулер мен жайылымдардың азаюы қазақтардың басқа аумаққа көшуіне әкеліп соқтырды (Diener, 2016: 375). 1881 жылы орыс патшасы Батыстағы

қазақтарға билікті бергенде, Монғолиядан Цинге дейін, қазақ қауымының бұл бөлігі манчжур басшылығының қол астында қалады. 1911 жылы автономиялық «Сыртқы» Моңғолия құрылғаннан кейін ғана қазақ басшылығы Моңғолия азаматтығын алу туралы өтініш бере бастады (Қозғамбаева, Алпысбаева, 2019: 99). 1917 жылы Богд хан (Богд хаан) мемлекет аумағындағы қазақтарға Моңғолияның азаматтығын берді. Бұл үздіксіз көшіп-қону, белгіленген шекаралардың болмауы және саяси мәртебенің өзгеруімен асқынған ұзақ процесс болды. Сондықтан XX ғасырдың басында азаматтық алған қазақтардың нақты саны әртүрлі. 1912 жылы шамамен 400 отбасы Баян-Өлгийде тұруға рұқсат сұрап алады (Atwood, 2004: 294). Жалпы, Баян-Өлгий қазақтары туралы жазбалар 1944 жылға тиесілі және сол кезде Баян-Өлгий халқының саны 35,995 (NSOM, 2020: 54) болғаны туралы да жазылады. Соған қарамастан, ресми түрде Моңғолияның азаматтығын алғанымен, қазақ қауымы Шыңжаң мен Баян-Өлгий арасында қоныс аударып, өмір сүріп жүрген. Мұндай көші-қон көшпелілерге тән құбылыс, бірақ Қытай мен Ресейдегі саяси күштердің ауысуы мен саяси толқулар бұл үрдістің өзгеруіне әкеліп соқтырады. Моңғолия өзіндік шекарасын бекітіп, тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін ғана Моңғолия мен Қытай арасындағы адамдардың еркін қозғалысы заңсыз болады.

Осыған қарамастан, қазақ қауымы шекаралар арасында қоныс аударуды жалғастыра береді, оның ішінде XX ғасырда Моңғолиядан қоныс аударудың екі үлкен толқыны болды.

Бірінші толқын 1930 жылдары Коминтерн Моңғолияда өзінің «таптық күрес теориясын» енгізген кезде болды. Келесі «таптық» қуғын-сүргін көптеген моңғол тұрғындарын елден кетуге мәжбүр етті және Шыңжаң мен Баян-Өлгий арасында дәстүрлі түрде қоныс аударған қазақ қауымына да әсер етті. Тогмидийн Сүхбаатар 1931 жылы Моңғолиядағы қазақтардың Коминтерннің шешіміне қарсы Шыңжаңға көшуге бел буғаны, соның салдарынан билікпен ауыр қақтығыстар болғаны туралы жазады (Тогмид, 2017). Қоныс аудару коммунистік биліктен біржола қашу немесе жай ғана маусымдық көшу деп жоспарланғаны ма белгісіз, бірақ сол кезінде сәтсіз аяқталған. Соның салдарынан қазақтар малынан айырылып, 1932 жылы Моңғолияға қайта оралады.

Көшіп-қонудың екінші үлкен толқыны Кеңес Одағы құлап, тәуелсіз Қазақстанның құрылуымен тікелей байланысты болды. «Тарихи отан» деген үндеумен Моңғолиядағы көптеген қазақтар Қазақстанға қоныс аударды. Сол кезінде 20 000-нан 60 000-ға дейін адамдар көшті деген дерек бар, дегенмен, бұл сан нақты анық емес (Baatar, 2002; Diener, 2007; Тогмид, 2017).

Тарихи көші-қонды және көшпелі мәдениеттің ерекшеліктерін ескерсек, Моңғолиядағы қазақ азаматтарының нақты саны даулы болуы да ғажап емес. Сайып келгенде, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін де, сол уақытқа дейін де Моңғолия қазақтары үшін үйреншікті көшіп-қону үрдісі өзгермеген сынды, өйткені адамдардың күнделікті өмір сүру салты төрт түлік малмен байланысты болғандықтан, малға жайлы, шұрайлы жер іздеп, көшіп-қону табиғи үрдіс болмақ. Дегенмен заман талабы да, өмір ағысы да әр

минут санап өзгеріп жатқан уақытта, адамдар көшпенді өмірден бас тартып, отырықшы өмірге бейімделіп, айтарлықтай өзгерді.

Моңғол Алтайының оңтүстік беткейлерін жайлаған қазақ руларының бір бөлігі, негізінен керейлер мен наймандардың бір бөлігі ХІХ ғасырдың ортасында солтүстік беткейге қоныс аударып, Батыс Моңғолияға қоныстанды. Рулық-тайпалық қатынас бойынша Моңғолия қазақтарының ішінде керейлер басым, наймандар, уақтар, жағалбайлы руының өкілдері де бар (Болатов, 1963: 66; История Казахской ССР... 1979: 18).

Сондықтан Моңғолиядағы қазақтардың тілін керей тайпасының тілі деп атауы да бекер емес. Моңғолиядағы қазақтар тілінің сөздік қорындағы негізгі түбір сөздерді көне моңғол тілімен салыстырғанда, сөздік қордың ортақтығын да байқауға болады. Моңғолия қазақтарының сөйлеу тіліндегі өзгешелікті фонетикалық, лексика-морфологиялық тұрғысынан да көруге болады. Міне, сондай өзгеше сөздерді жинақтап, тілдік материалдарға қолданушылардың пікірімен санаса отырып, талдау жасап, қазақ тіліндегі сөздермен салыстырылады.

Моңғолия қазақтарының ауызекі сөйлеу тіліндегі кірме сөздер тақырыбы қазақтар мен моңғолдар арасындағы тілдік байланыстарды зерттеу аясында өзекті болып табылады. Моңғол тілінің қазақ тіліне әсері, әсіресе тарихи, мәдени және географиялық жақындығына байланысты. Моңғолияда тұратын қазақтардың диалектісі қазіргі қазақ әдеби тілінің негізін құраған солтүстік-шығыс диалектіге негізінен өте жақын.

Моңғолиядағы қазақ диаспорасы тілінің диалектілік ерекшеліктерін зерттеуге арналған бірнеше еңбектер бар (Болатов, 1963, 66-76; Базылхан, 1965, 34-50; 1976; 1963; 1978 және т.б.), онда Баян-Өлгей диалектісінің ең байқалатын фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктері атап өтіледі және салыстырмалы түрде соңғы халха-моңғол лексикалық интерференцияларының айтарлықтай қабаты бар екенін түсінуге болады. Баян-Өлгей қазақтары диалектісінің ерекшеліктері «Моңғолша-қазақша сөздікте» де көрініс тапты (МКТ, 1954).

Талдау

Өзге ұлттардың арасында ұзақ уақыт өмір сүрген қазақтар өздерінің ұлттық ерекшеліктері мен тілін сақтай алды, дегенмен моңғолдардың тілге де, мәдениетке де елеулі араласуын атап өткен жөн.

Моңғолия қазақтарының тіліндегі кірме сөздерге талдау жасай келе, келесідей бөліп қарастырсақ:

1) Моңғолия қазақтарының тіліне енген сөздер фонетикалық тұрғыда өзгеріске ұшырағанымен, лексикалық мағынасы өзгеріссіз, яғни моңғол тіліндегі мағынасы сақталады. Мысалы: *бойтоғ* (моңғ.) → *бөйтiк* (моңғ.қазақтарының тілінде) – шәркей, шәрке, шарық (қыста етік сыртынан киетін тері аяқ киім), «байпақша» (МКТ, 1984: 78). *Дарга* (моңғ.) → *дарғы* (моңғ.қазақтарының тілінде) – бастық, басшы (МКТ, 1984: 177). *Сайд* (моңғ.) → *сайт* (моңғ.қазақтарының тілінде) – «министр» (МКТ, 1984: 194). *Зах*

(моңғ.) → *зақы* (моңғ. қазақтарының тілінде) – «базар», «жаға», «шеті» (МКТ, 1984: 250). *Сандал* (моңғ.) → *сандыл* (моңғ. қазақтарының тілінде) – «орындық» (МКТ, 1984: 411). *Сэлбэг* (моңғ.) → *селбек* (моңғ. қазақтарының тілінде) – «жабдық», «көмек», «жәрдем» (МКТ, 1984: 433). *Төгрөг* (моңғ.) → *төгрік* (моңғ. қазақтарының тілінде) – «моңғолдың ақшасы», «төңірек», «айнала», «жан-жақ», «дөңгелек» (МКТ, 1984: 471). *Умас* (моңғ.) → *ұтыс* (моңғ. қазақтарының тілінде) – «жіп», «сым», «телефон» (МКТ, 1984: 519). *Сум* (ан) (моңғ.) → *сұмын* (моңғ. қазақтарының тілінде) – «МХР-дың жергілікті әкімшілік ұйымы», «ауыл» (МКТ, 1984: 423).

2) Моңғол тілінен енген кірме сөздерге тән бірден-бір құбылыс, дауысты және дауыссыз дыбыстардың фонетикалық жүйеде өзгеріске ұшырап айтылуы. Оның себебі, қандастарымыз сөздерді естігені бойынша айтуынан байқауға болады. Сондықтан да, кірме сөздердің фонетикалық жүйесі өзгеріске ұшырайды. Моңғолия қазақтарының тіліне енген кірме сөздердің барлығы дерлік тек ауызекі сөйлеу тілінде ғана қолданылады. Сол фонетикалық өзгерістерді нақты қарастырайық. Мысалы: *сарлаг* (моңғ.) → *сарлық* (моңғ. қазақтарының тілінде): г/қ – тоғысыңқы үнді және қатаң дыбыстарының алмасуы. Мағынасы: Таулы Алтай мен Монғолия жерінде таралған, сүті аз болғанымен өте майлы және құнарлы сиырдың бір түрі (ҚТТС, 2008: 711). *Гуанз* (моңғ.) → *гонзы* (моңғ. қазақтарының тілінде): екі алмасу, бір жағынан тоғысыңқы үнді/ұяң даусыздар г/ғ; екінші жағынан еріндік дауыстылар у/о. Мағынасы: «асхана» (МКТ, 1984: 139). *Багш* (моңғ.) → *багшы* (моңғ. қазақтарының тілінде): г/ғ – тоғысыңқы үнді/ұяң дауыссыз дыбыстардың алмасуы. Мағынасы: «ұстаз», «мұғалім» (МКТ, 1984: 59). *Данс* (моңғ.) → *даңса* (моңғ. қазақтарының тілінде): н/ң – тоғысыңқы тіл ұшымен айтылатын фонеманың тіл артымен айтылатын фонемаға алмасып айтылуы. Мағынасы: «даңса», «есеп кітапша», «тізім кітапша» (МКТ, 1984: 175). *Манжин* (моңғ.) → *мәнжін* (моңғ. қазақтарының тілінде): а/ә жуан және жіңішке дауыстылардың алмасуы. Мағынасы: улаан манжин – «қызылша»; шар манжин – «шаңбыр» (МКТ, 1984: 298). *Саримс* (ағ) (моңғ.) → *сәрміс* (моңғ. қазақтарының тілінде): дауысты және дауыссыз дыбыстардың алмасуы. Мағынасы: «сарымсақ» (МКТ, 1984: 412). *Эмнэлэг* (моңғ.) → *емілгі* (моңғ. қазақтарының тілінде): ә/е дыбыстарының алмасуы. Қазақ тілінде [ә] дауысты дыбысы мүлде жоқ, бұл дыбыстың орнына [е] дауысты, езулік, жіңішке дыбысы қолданылған. Мағынасы: «аурухана», «сөзшең», «сөз құмар», «көк ауыз» (МКТ, 1984: 704). *Дугуй* (моңғ.) → *дұғы* (моңғ. қазақтарының тілінде): у/ұ, қазақ тіліндегі [у] – кірме дифтонг, жартылай дауысты (дауыссыз дыбыстардан кейін), жартылай дауыссыз (дауысты дыбыстардан кейін) ал моңғол тілінде [у] таза дауысты, еріндік дыбыс. Моңғол тіліндегі [у] дыбысы қазақ тіліндегі [ұ] еріндік, тіл арты, қысаң дыбысқа айналған. Мағынасы: «доға», «дөңгелек», «доңғалақ» (МКТ, 1984: 194). *Тайлан* (моңғ.) → *тәйлің* (моңғ. қазақтарының тілінде): бірінші буында езулік, тіл арты дыбысы [а] езулік, тіл ортасы [ә] дыбысына алмасқан; екінші буында ашық [а] қазақ тіліндегі қысаң [і] дыбысына өзгерген. Мағынасы: «есеп», «баяндама»; (МКТ, 1984: 445). *Самбар* (моңғ.) → *самбыр* (моңғ. қазақтарының тілінде): а/ы дауысты, ашық дыбысы, қысаң дыбысқа өзгерген.

Мағынасы: «тақта» (МКТ, 1984: 409). *Дарга* (моңғ.) → *дарғы* (моңғ.қазақтарының тілінде): г/ғ – тоғысыңқы үнді/ұяң дауыссыз дыбыстардың алмасуы. Мағынасы: «бастық», «басшы» (МКТ, 1984: 177). *Сарлаг* (моңғ.) → *сарлық* (баян-өлгий говорында): г/қ – тоғысыңқы үнді және қатан дыбыстарының алмасуы (МКТ, 1984: 412). *Сайд* (моңғ.) → *сайт кей жағдайда сәйт* (моңғ.қазақтарының тілінде): а/ә езулік тіл арты дыбысы [а] езулік тіл ортасы [ә] дыбысына өзгерген, д/т тоғысыңқы ұяң дауыссыздан қатан дауыссыз дыбысқа өзгереді. Мағынасы: «министр» (МКТ, 1984: 406).

Бірнеше дыбыстардың өзгеруі. Кейде фонетикалық өзгерістер бүкіл сөз құрамында көрініс табады. Мысалы: *захирал* (моңғ.) → *зәкіріл* (моңғ.қазақтарының тілінде): а/ә езулік, тіл арты дыбысы [а] езулік, тіл ортасы [ә] дыбысына алмасады; х/к тіл арты дыбысы, тіл ортасы дауыссыз дыбысына өзгереді; а/ә, и/і, а/і – ашық, жуан дауысты дыбыс ашық, жіңішке дыбысқа, және дауысты қысаң дыбыстарының алмасуы. Мағынасы: «директор», «басшы» (МКТ, 1984: 250). *Бичээч* (моңғ.) → *пішеші* (моңғ. қазақтарының тілінде): б/п тоғысыңқы ұяң дауыссызынан /қатан дауыссыз дыбысқа алмасуы; екі буындада ч/ш аффрикатпен қатан дыбыстары тіл ұшы фонемасынан тіл алды фонемасына алмасуы. Аффрикат [ч] – моңғол тілінің типологиялық дыбысы, ал, қазақ тілінде тек кейбір диалектілерде ғана кездеседі. Мағынасы: «кеңсе хатшысы» (МКТ, 1984: 76). *Донгодох* (моңғ.) → *доңғыту* (моңғ.қазақтарының тілінде): н/ң – тоғысыңқы, тіл ұшымен, тіл артымен айтылатын дыбыстар; г/ғ – тоғысыңқы үнді/ұяң дауыссыз дыбыстардың алмасуы; о/ы еріндік және езулік дауысты дыбыстардың алмасуы. Моңғол тіліндегі аулаулау туратын [х] қатан, тіл арты дауыссыз дыбысы қазақ тілінде мүлдем қолданылмайды. Сөздің мағынасы: «шақыру», «ескерту» (МКТ, 1984: 185). *Цууямбуу* (моңғ.) → *чямпу* (моңғ.қазақтарының тілінде): ц/ч қазақ тілінде [ц] дыбысы орыс тілінен енген, көбінде халықаралық сөздерде қолданылады сондықтан бұл дыбысты [ч] дыбысымен алмастырып айту ыңғайлы болған. Негізі, «цууямбуу» сөзі – «дзу йанг бу» сөзінен қытай тілінен моңғол тіліне енген кірме сөз. Сөздің мағынасы: «ақ бөз (мата)» (МКТ, 1984: 694).

3) Моңғол тілінен енген кірме сөздерде моңғол тіліне тән созылыңқы дыбыстардың фонетикалық жүйесі өзгеріске ұшырауы жиі кездеседі. Мысалы: *буудал* (моңғ.) → *будыл* (моңғ. қазақтарының тілінде): созылыңқы «уу» дыбысы, жуан дифтонг «у» дыбыс түрінде айтылады, ал а/ы – езулік, тіл арты дыбысы қысаң дыбысқа өзгеріп айтылады. Мағынасы: «тұрақ», «қоныс», «қонақ үй» (МКТ, 1984: 97). *Индүү* (моңғ.) → *ендү* (моңғ. қазақтарының тілінде) созылыңқы «үү» дыбысы, жіңішке дифтонг «ү» дыбысы түрінде айтылады, ал и/е – езулік, тіл арты дыбысына өзгеріп айтылады. Сөздің мағынасы: «үтік» (МКТ, 1984: 281). *Чийдэн* (моңғ.) → *чйден* (моңғ.қазақтарының тілінде) созылыңқы «ий» дыбысы, кірме сөздегі жуан немесе жіңішке дыбыстарының кездесуіне байланысты «ый» немесе «йй» дыбыстары түрінде айтылады. Мағынасы: «электр шамы» (МКТ, 1984: 710). *Хоршоо* (моңғ.) → *қоршо* (моңғ.қазақтарының тілінде) созылыңқы «оо» дыбысы, кірме сөздегі жуан дифтонг «о» дыбысы түрінде айтылады. Ал х/қ – қатан, тіл арты дыбысына өзгеріп айтылады. Мағынасы: «қауым», «бірлік», «дүкен»,

«сауда орны»; хоршоо худалдаа (моңғ.) – дүкендік сауда. (МКТ, 1984: 599). *Чалчаа* (моңғ.) → *чалчэ* (моңғ.қазақтарының тілінде) созылыңқы «аа» дыбысы, кірме сөздегі жіңішке дифтонг «э» дыбысына өзгеріп айтылады. Мағынасы: «мылжың», «сөзшең», «сөз құмар», «көк ауыз» (МКТ, 1984: 704). *Хашаа* (моңғ.) → *қаша* (моңғ.қазақтарының тілінде) созылыңқы «аа» дыбысы, кірме сөздегі жуан дифтонг «а» дыбысына өзгеріп айтылады. Мағынасы: «қора», «аула», «аумақ» (МКТ, 1984: 579). *Тоғоо* (моңғ.) → *тоға* (моңғ.қазақтарының тілінде) созылыңқы «оо» дыбысы, кірме сөздегі жіңішке дифтонг «о» дыбысына өзгеріп айтылады. Мағынасы: «қазан» (МКТ, 1984: 460). *Шүүгээ* (моңғ.) → *чүге* (моңғ.қазақтарының тілінде) созылыңқы «үү» дыбысы, кірме сөздегі жіңішке дифтонг «ү» дыбысына өзгерсе, созылыңқы «ээ» дыбысы, кірме сөздегі жіңішке дифтонг «е» дыбысына өзгеріп айтылуы, ч/ш аффрикатпен қатан дыбыстары тіл ұшы фонемасынан тіл алды фонемасына алмасады. Мағынасы: «шкаф», «жабық сөре» (МКТ, 1984: 757). *Сэрээ* (моңғ.) → *сере* (моңғ.қазақтарының тілінде) созылыңқы «ээ» дыбысы, кірме сөздегі жіңішке дифтонг «е» дыбысына өзгеріп айтылады. Мағынасы: «шанышқы», «айыр» (МКТ, 1984: 437) және т.б. Созылыңқы дауысты дыбыстар көне алтай және көне түркі тілдерінің көрсеткіштері; олар қазіргі хакас, якут, қырғыз және түркі тілдерінде кездеседі, бірақ қазақ тілінде мүлде жоқ.

4) Моңғол тілінен енген кірме сөздерге, қазақ тілі етістігінің шақ, жақ жұрнағы жалғанып қолданылады. Мысалы: *бүртгэх* (моңғ.) → *бүрткі + ту = бүрткіту* (моңғ. қазақтарының тілінде) – «тізімдеу», «тізімге алу», «есепке алу» (МКТ, 1984: 102). *Хураах* (моңғ.) → *құра + ту = құрату* (моңғ.қазақтарының тілінде) – «құрау», «жинау», «топтау» (МКТ, 1984: 628). *Хасах* (моңғ.) → *қас + у = қасу, қасыту* (моңғ.қазақтарының тілінде) – «азайту», «кеміту», «шағындау», «ықшамдау» (МКТ, 1984: 575). *Хас* (моңғ.) → *қас + у = қасу, қас + имыз, қас + ыдым* (моңғ.қазақтарының тілінде) – «азайту», «кеміту», «ықшамдау» (МКТ, 1984: 575). *Аргалах* (моңғ.) → *арғыла + у = арғылау, арғыла + ймыз, арғылай алмаймыз* (моңғ. қазақтарының тілінде) – «амалдау», «амалын табу», «әдісін табу», «әдісін табу» (МКТ, 1984: 46). *Хүлээ* (моңғ.) → *күле + у = күлеу, керегін күлепті* (моңғ. қазақтарының тілінде) – «мойындау», «мойынға алу», «жүктеу», «міндетіне алу» (МКТ, 1984: 641).

5) Есім негізді моңғол тілінен енген кірме сөздерге қазақ тілінің етістік тудыратын жұрнақтары жалғану арқылы моңғол тілінен енген кірме етістіктер пайда болады. Мысалы: *хөөвөр* (моңғ.) → *көбір + леу = көбірлеу* (моңғ.қазақтарының тілінде) – «жүнін алу», (МКТ, 1984: 612). *Шохой* (моңғ.) → *чоқа + лау = чоқалау* (моңғ.қазақтарының тілінде) – «әктеу», «әкпен бояу», «әк жағу» (МКТ, 1984: 750). *Ээлж* (моңғ.) → *елжі + леу = елжілеу* (моңғ.қазақтарының тілінде) – «кезектесу», «кезектеу», «кезектесіп істеу» (МКТ, 1984: 788).

Біздің ойымызша, бұл фонетикалық өзгерістерді қазақ және моңғол тілдерінің алтай тілдерінің әртүрлі топтарына жататындығымен байланыстыруға болады, яғни олардың әрқайсысының өзіндік типологиялық ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Фонетикалық ерекшеліктің тағы бір факторы – қазақ және моңғол тілдерінің артикуляциялық базасының айырмашылығында болмақ.

Тілдік жағдаяттың дәрежесін, қазақ тілін меңгеру мен қолдану деңгейін және моңғол тілінен енген кірме сөздерді анықтау мақсатында әлеуметтік лингвистикалық сауалнама жүргіздік. Сауалнамаға Моңғолияның Баян-Өлгей қаласында өмір сүретін, 20-45 жас аралығындағы 45 азамат, 45-тен жоғары жастағы 35 адам қатысты. Сауалнама сұрақтары төмендегідей:

- 1) Жасыңыз нешеде?
- 2) Біліміңіз қандай (орта, жоғары)?
- 3) Күнделікті өмірде қолданатын, моңғол тілінен енген сөздерді атаңыз.
- 4) Ауызекі сөйлеу кезінде моңғол тілінен енген сөздердің қазақша баламасын қолдануға тырысып көрдіңіз бе?
- 5) Моңғол тілінен енген сөздерді неге күнделікті өмірде көп қолданамын деп ойлайсыз?
- 6) Өзіңізге бірнеше тілді араластырып сөйлеу ыңғайлы ма?
- 7) Ана тіліңізден басқа қай тілде сөйлейсіз?
- 8) Моңғол тілінен басқа, қай тілден енген сөздерді көп қолданасыз?

Нәтижелер

Моңғолия қазақтарының тіліндегі өзіндік ерекшелікті анықтау үшін жүргізген сауалнама нәтижесіне тоқталар болсақ,




Диаграмма-1. Сауалнама нәтижесі

Сауалнамаға қатысшылардың көбі жастар, бірақ сауалнамаға қатысушылардың көбісі, яғни олардың 86% жоғары білімді екенін (диаграмма-1) көруге болады. 45-жастан жоғары сауалнамаға қатысушылар моңғол тілінен енген сөздерді өте көп қолданады, кемі әр екінші сөзі моңғол тілінен енген сөз болса, жастардың көбі қолданбайды, керісінше моңғол тілінен енген сөздер емес, ағылшын тілінен енген сөздерді күнделікті өмірде көп қолданатындары сауалнама нәтижесінде анықталды. Моңғол тілінен енген сөздердің қазақша баламасын қолдануға жастар көп тырысады (78%), сондай-ақ, 45 жастан жоғары сауалнамаға қатысушылар да қалыс қалмай (57%) қазақша сөйлеуге тырысатындарын жеткізді. Сонымен қатар, жастардың барлығы дерлік күнделікті өмірде моңғол тілінен немесе басқа тілден енген сөздерді қолданатындықтарын күнделікті өмір салтымен, айналасындағы адамдардың ықпалы мен ортасымен байланысты екендігін түсіндіріп жатса, орта жастан жоғары – аға буын өкілдері моңғол тілінен басқа тек орыс тілінен ғана енген сөздерді қолданатындығын және оның бірден-бір себебі олардың шет тілі ретінде орыс тілін оқығандарымен байланыстырды. Дегенмен, аға буын өкілдері моңғол тілінен енген сөздерді қолданбай сөйлеу оларға қолайсыздық туғызатынын жеткізді, оның себебі өмірлерінің көбін сол ортада өткізген адамға үйреншікті, құлаққа жағымды сөздерді өзгерту қолайсыздық туғызатын көрінеді.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Моңғолиядағы қазақтардың говорына тек ғана моңғол тілінен ғана емес, орыс, ағылшын, қытай тілдерінен де шаруашылыққа, мәдениетке байланысты көптеген кірме сөздер еніп, айналымға қосылып кетті. Бұл сөздердің бірқатары сол елді мекенді мекендеуші қазақтардың сөйлеу дағдысына, дыбысталу жүйесіне бейімделіп, дыбыстық өзгеріске ұшырап, танылмастай болған. Ал кейбір сөздер айтылуы мен жазылуы жағынан түбірін сақтап, кірме сөздерге де айналған.

Моңғол тілінен енген кірме сөздердегі «а» дыбысы «ә» дыбысына өзгеріп айтылады.

Мысалы: *захялга* (моңғ.) – *зәкәлгы* (баян-өлгий говорында) – тапсырыс;

захирагч (моңғ.) – *зәкірікчі* (баян-өлгий говорында) – әмірші;

тайлан (моңғ.) – *тәйлің* (баян-өлгий говорында) – есеп; т.б.

Моңғол тілінен енген сөздердің көбі дерлік айтылуы кезінде бір дыбыстан екінші дыбысқа өзгеріп айтылуымен байланысты. Сонымен қатар, екінші көп кездесетін жағдай – бірнеше әріптің өзгеруінен енген сөздер. Қазақ тіліндегі «ж» дыбысы, Баян-Өлгий говорында аффрикат «дж» түрінде айтылады да, сөздің ортасында «к, л» дыбысынан кейін аффрикат «дж» түрінде, екі дауыстының ортасында «ж» түрінде айтылады.

Мысалы: *жагсах* (моңғ.) – *джіксу* (баян-өлгий говорында) – сапқа тұру және т.б.

Ең ерекше кірме сөздерге моңғол тіліне тән созылыңқы дыбыстардың өзгеріске ұшырауы жиі кездеседі. Мысалы: *әлж* (моңғ.) – *елджі* (баян-өлгий говорында) – кезек; *жолооч* (моңғ.) – *джолашы* (баян-өлгий говорында) – жүргізуші;

Моңғолиядағы қазақтардың тілінде аффрикаттар «тч», «дж» дыбыстары сөздің басында тұрақты сақталып, сөз ортасында ұяң «м, н, ң, л, р, й», қатаң «к, қ, ч, т» дыбыстарынан соң сақталып қалған. Моңғолия қазақтарының тіліндегі аффрикат

«ч, дж, дз» дыбыстарының сақталуы – көне рулық, тайпалық тілдің қалдығы деуге де болады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Моңғолиядағы қазақтардың говорында ч, ц, х (сөз аяғындағы дыбыстар) дыбыстары өзгеріп отырады; ал басқа дауыссыз және дауысты дыбыстар қазақ тілінің фонетикалық заңына, типологиясына сай алмасуда.

Моңғолиядағы қазақтар тілінен жинаған тілдік материалдарға талдау жасап, оны қазақтың біртұтас халықтық тілімен салыстырғанда, диалектілік емес, говорлық сипатта екендігін байқауға болады. Олай айтуға себеп – Моңғолиядағы қазақтардың тіліне ғана тән, айтылуында ғана ерекшелігі бар қазақ тілінің сөздік қорында жоқ сөздер екендігі. Сондықтан да жоғарыда көрсетілген моңғол тілінен енген сөздер – тек Моңғолия қазақтарының тілінде ғана кездесетін кірмелер. Бұл сөздердің мағынасын жергілікті халық ғана ауыз екі тілінде, бір-бірімен қарым-қатынас кезінде түсінеді. Ал кітаптарда, жазбаша құжаттарда бұл сөздерді кездестіре алмаймыз. Сол себепті де ғалым Б.Базылхан жазғандай, «Қазақ тілінің Баян-Өлгий говоры» (Базылхан, 1980: 5) деген терминмен аталғаны да құптарлық пікір.

Қысқарған сөздер:

МКТ – Монгол-казах толь

МХР – Моңғол Халық Республикасы

ҚТТС – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі

NSOM – National Statistics Office of Mongolia (Моңғолияның Ұлттық статистикалық басқармасы)

Әдебиет

Базылхан Б., 1999. Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы (фонетика). Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының республикалық баспа кабинеті. 165 б.

Базылхан Б., 1965. Моңғолияда тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір жергілікті ерекшеліктер // Қазақ диалектологиясы. Алматы. С. 34-50.

Базылхан Б., 1976. Монгол-казах хэлний ижил язгуурт үг. Хэл зохиолын судлал. Улаанбаатар. С. 41-51.

Базылхан Б., 1978. Монгол-казах хэлний үгийг сангийн харьцааны асуудалд // Хэл зохиолын судлал. Улаанбаатар, С. 31-46.

Баярсайхан, Б. (2000) Топонимы на территории сумона Цэнгэл в Монголии (на тувинском языке) // Становление и развитие науки в Туве. (Материалы междунар. конференции, посвященной 70-летию тувинской письменности 12-14 сентября 2000 г.): в 2 ч. Кызыл : РИО ТувГУ. Ч. 1. 140 с. С. 23-25.

Болотов Ж., 1963. Моңғолияда тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір жергілікті ерекшеліктер туралы // Қазақ пен ұйғыр тіл білімінің мәселелері. Алматы. Т. III. Б. 66-76.

- Бодуэн де Куртенэ И.А., 1963. О смешанном характере всех языков // Избранные труды по общему языкознанию. Т. 1. Москва: Изд-во АН СССР. С. 362-372.
- Дыбо А.В., 2007. Лингвистические контакты ранних тюрков. Лексический фонд. Москва: «Восточная литература». 222 с.
- История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней, 1979. //Ред. С.Г. Агаджанов и др. Алма-Ата. Т. II. 421 с.
- Козгамбаева Г.Б., Алпысбаева Н.К., 2019. Из истории переселения казахов в Монголию (70 г. XIX – 20 г. XX вв.) // Вестник КазНУ. Серия историческая. 4. 79. С. 97-100.
- Қазақша-моңғолша сөздік, 1977. //Б.Базылхан. Улаанбаатар. 392 с.
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2008. Алматы: «Дайк пресс» баспасы. 968 б.
- Малявин В., 2000. Китайская цивилизация. Дизайн. Информация. Картография. Астрель. АСТ. 632 с.
- Монгол-казах толь, 1984. // Б.Базылхан. Улаанбаатар-Өлгий: «Жаңа Өмир» хэвлэх үйлдвэр. 880 х.
- Монгол хэлний товч тайлбар толь, 1966. //Цэвэл Я., Улаанбаатар: Улсын хэвлэлийн хэрэг эрхлэх хороо. 912 х.
- Сарыбаев Ш., 1971. Монгольско-казахские лексические параллели. Ленинград. С. 256-262.
- Сарай А., 1968. Баян-Өлгий аймагының қазақ халқы тарихының кейбір мәселелері. Өлгий.
- Тогмид Сүхбаатар, 2017. Не из Казахстана. Каким образом казахи оказались в составе Монголии. Asia Russia Daily, October 27. <http://asiarussia.ru/articles/18116/>.
- Этимологический словарь тюркских языков, 1974. //Севортян Э.В. Общетюркские и межтюркские основы на гласные. Том I. М., 362 с.
- Этимологический словарь тюркских языков, 1978. //Севортян Э. В. Общетюркские и межтюркские основы на букву «Б». Том II. М., 349 с.
- Щербак А.М., 1997. Ранние тюркско-монгольские языковые связи (VIII-XIV вв.). СПб. 215 с.
- Atwood Christopher P., 2004. Encyclopedia of Mongolia and the Mongol Empire. New York, NY: Facts on File. 680 p.
- Baatar Ts., 2002. Present Situation of Kazakh-Mongolian Community. Mongolian Journal of International Affairs, no. 8-9. P. 90-98. <https://doi.org/10.5564/mjia.v0i8-9.132>.
- Diener Alexander C., 2007. “Negotiating Territorial Belonging: A Transnational Social Field Perspective on Mongolia’s Kazakhs.” Geopolitics 12, no. 3. P. 459-87. <https://doi.org/10.1080/14650040701305658>.
- Diener Alexander C., 2010. One Homeland or Two? the Nationalization and Transnationalization of Mongolia’s Kazakhs. Washington, D.C: Woodrow Wilson Center Press. Vol. 12, No. 2. P. 381-384.
- Diener Alexander C., 2011. “The Borderland Existence of the Mongolian Kazakhs: Boundaries and the Construction of Territorial Belonging.” In The Routledge Research Companion to Border Studies. Routledge. P. 373-93.
- Nicholas P., 1965. Introduction to altaic linguistics. Wiesbaden: Otto Harrassowitz. 212 p.
- NSOM, 2020. Хүн ам, орон сууцны 2020 оны улсын ээлжит тооллогын нэгдсэн дүн. Ulaanbaatar: National Statistics Office of Mongolia <https://www.nso.mn/mn/statistic/fun-statistic/census2020> (қаралу күні: 20.03.2024).
- <https://www2.1212.mn/BookLibrary.aspx?category=001> (қаралу күні: 20.01.2024).

Reference

Bazyłhan B., 1999. Kazak zhane mongol tilderining salystyrmaly-tarihi grammatikasy (fonetika) [Comparative-historical grammar (phonetics) of the Kazakh and Mongolian languages]. Almaty: Y.Altynsarin atyndagy Kazaktyng bilim akademiya synyng respublikalyk baspa kabinetini. 165 p. [in Kazakh].

Bazyłhan B., 1965. Mongoliyada turatyn kazaktard'ing tilindegi kejbir zhergilikti erekshelikter [Some local features of the Kazakh language in Mongolia]. Kazak dialektologiyasy. Almaty. P. 34-50. [in Kazakh].

Bazyłhan B., 1976. Mongol-kazah helnij izhil yazguurt yg [The same root word of the Mongolian-Kazakh language]. Hel zohiolyn sudlal [Linguistic studies]. Ulaanbaatar. P. 41-51. [in Mongolian].

Bazyłhan B., 1978. Mongol-kazah helnij ygijn sangijn har'caany asudald [On the problem of relationship between the vocabulary of the Mongolian-Kazakh language]. Hel zohiolyn sudlal [Linguistic studies]. Ulaanbaatar. P. 31-46. [in Mongolian].

Bayarsajhan B., 2000. Toponimy na territorii sumona Cengel v Mongolii (na tuvinskom yazyke) [Toponyms in the territory of Tsengel sumon in Mongolia (in Tuvan language)]. Stanovlenie i razvitie nauki v Tuve. (Materialy Mezhd. konferencii, posv. 70-letiyu tuvinskoj pis'mennosti 12-14 sentyabrya 2000 g.) v 2 ch. Kyzyl [Formation and development of science in Tuva. (Proceedings of the International Conference dedicated to the 70th anniversary of Tuvan writing, September 12-14, 2000): in 2 parts. Kyzyl]. RIO TuvGU. Ch. 1. P. 23-25. [in Russian].

Bolotov Zh., 1963. Mongoliyada turatyn kazaktardyng tilindegi kejbir dialektilik erekshelikter turaly [About some dialectal features of the language of Kazakhs living in Mongolia]. Kazak pen ugyr til bilimining maseleleri [Problems of Kazakh and Uyghur language education]. Almaty. V. III. P. 66-76. [in Kazakh].

Boduen de Kurtene I.A., 1963. O smeshannom haraktere vsekh yazykov [On the mixed character of all languages]. Izbrannye trudy po obshchemu yazykoznaniyu [Selected works on common language knowledge]. T. 1. Moscow: Izd-vo AN SSSR. P. 362-372. [in Russian].

Dybo A.V., 2007. Lingvisticheskie kontakty rannih tyurkov [Linguistic contact of early Turks]. Leksicheskij fond [Lexical fund]. Moscow: Vostochnaya literature. 222 p. [in Russian].

Istoriya Kazahskoj SSR s drevnejshih vremen do nashih dnei [History of the Kazakh SSR from ancient times to the present day], 1979. Red. S.G. Agadzhanov i dr [Ed. S.G. Agadzhanov et al.]. Alma-Ata. T. II. 421 p. [in Russian].

Kozgambaeva G.B., Alpysbaeva N.K., 2019. Iz istorii pereseleniya kazahov v Mongoliyu (70 g. XIX – 20 g. XX vv.) [From the history of the migration of Kazakhs to Mongolia (70s of the 19th – 20s of the 20th centuries)]. Vestnik KazNU. Seriya istoricheskaya [KazNU Bulletin. Historical Series]. 4. 79. P. 97-100. [in Russian].

Kazaksha-mongolsha sozdik [Kazakh-Mongolian dictionary], 1977. B.Bazyłhan. Ulaanbaatar. 392 p. [in Kazakh].

Kazak tilinibg tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh language], 2008. Almaty: «Dajk press» baspasy. 968 p. [in Kazakh].

Malyavin V., 2000. Kitajskaya civilizaciya [Chinese civilization]. Dizajn. Informaciya. Kartografiya. Astrel'. AST. [Design. Information. Cartography. Astral. AST.]. 632 p. [in Russian].

Mongol-kazah tol' [Mongolian-Kazakh tol], 1984. B.Bazykhan. Ulaanbaatar-Olgij: «Zhana Omir» hevlekh ujdver [B.Bazykhan. Ulaanbaatar-Olgii: "Zhana Omir" printing house.]. 880 p. [in Mongolian].

Mongol helnij tovch tajlbar tol' [Concise Dictionary of the Mongolian Language], 1966. Ceval Ya., Ulaanbaatar: Ulsyn hevlelijn hereg erhlekh horoo [Tsevel Ya., Ulaanbaatar: State Publishing Committee]. 912 p. [in Mongolian].

Sarybaev Sh., 1971. Mongol'sko-Kazahskie leksicheskie paraleli [Mongolian-Kazakh lexical parallels.]. Leningrad. P. 256-262. [in Russian].

Saraj A., 1968. Bayan-Olgij ajmagynyng kazakh halky tarihyngyng kejbir maseleleri [Some problems of Kazakh history of Bayan-Olgii region]. Olgij. P. 45-51 [in Kazakh].

Togmid Sukhbaatar, 2017. Ne iz Kazakhstana. Kakim obrazom kazahi okazalis' v sostave Mongolii" [Not from Kazakhstan. How did Kazakhs end up in Mongolia?]. Asia Russia Daily. October 27. <http://asiarussia.ru/articles/18116/>. [in Russian].

Etimologicheskij slovar' tyurkskih yazykov [Etymological dictionary of Turkic languages], 1974. Sevortyan E.V. Obshchetyurkskie i mezhtyurkskie osnovy na glasnye [Sevortyan E.V. Common Turkic and inter-Turkic vowel bases]. Tom 1. Moscow. 362 p. [in Russian].

Etimologicheskij slovar' tyurkskih yazykov [Etymological dictionary of Turkic languages], 1978. Sevortyan E. V.. Obshchetyurkskie i mezhtyurkskie osnovy na bukvu «B» [Sevortyan E.V. Common Turkic and inter-Turkic stems starting with the letter «B»]. Tom II. Moscow. 349 p. [in Russian].

Sherbak A.M., 1997. Rannie tyurksko-mongol'skie yazykovye svyazi (VIII-XIV vv.) [Early Turkic-Mongolian linguistic relations (8th-14th centuries)]. S.-Petersburg. 215 p. [in Russian].

Atwood Christopher P., 2004. Encyclopedia of Mongolia and the Mongol Empire. New York, NY: Facts on File. 680 p.

Baatar Ts., 2002. Present Situation of Kazakh-Mongolian Community. Mongolian Journal of International Affairs, no. 8-9. P. 90-98. <https://doi.org/10.5564/mjia.v0i8-9.132>.

Diener Alexander C., 2007. "Negotiating Territorial Belonging: A Transnational Social Field Perspective on Mongolia's Kazakhs." Geopolitics 12, no. 3. P. 459-487. <https://doi.org/10.1080/14650040701305658>.

Diener Alexander C., 2010. One Homeland or Two? the Nationalization and Transnationalization of Mongolia's Kazakhs. Washington D.C: Woodrow Wilson Center Press. Vol. 12, No. 2. P. 381-384.

Diener Alexander C., 2011. "The Borderland Existence of the Mongolian Kazakhs: Boundaries and the Construction of Territorial Belonging." In The Routledge Research Companion to Border Studies. Routledge. P. 373-93.

Nicholas P., 1965. Introduction to Altaic linguistics. Wiesbaden: Otto Harrassowitz. 212 p.

NSOM, 2020. Hun am, oron suutsny 2020 ony ulsyn eelzhit toollogyn negdsen dun [Results of the 2020 National Population and Housing Census]. Ulaanbaatar: National Statistics Office of Mongolia <https://www.nso.mn/mn/statistic/fun-statistic/census2020> (Accessed at: 20.03.2024). [in Mongolian].

<https://www2.1212.mn/BookLibrary.aspx?category=001> (Accessed at: 20.01.2024).

A. Baigazh

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

(E-mail: aika4280@mail.ru)

Borrowed words in the oral speech of Mongolian Kazakhs

Abstract. The relevance of studying the languages of peoples living outside their own territory is determined by the peculiarities of their formation, functioning and preservation under conditions of interdialectal and interlingual contacts. Due to various historic, social, political, geographical and cultural reasons, the Kazakhs have lived in different countries of the world. In the western part of the country, in the Bayan-Ulgii area, the Kazakhs have developed a multilingual dialect, saturated with foreign words, mainly Mongolian loan words. Despite the fact that Mongolian loanwords have been studied in Kazakh, their study is topical, demanding and requires a systematic approach. The author of the article uses the method of questioning to determine the most common loanwords in various spheres of human life and to reveal the degree of Kazakh-Mongol bilingualism. The author concludes that 1) The language of the compact Kazakhs living in Mongolia should be referred to as local colloquial or koine; 2) The sphere of use of colloquialism is oral communication, with rare penetration into written language; 3) The Kazakh loanwords retain their fundamental lexical meaning, but show phonetic changes in consonants and vowels as a result of differences in language typology and characteristics of language articulation.

Keywords: migration, Mongolian Kazakhs, language contact, loan words from Mongolian language, Bayan-Ulgii dialect, oral speech, preservation of lexical meaning, phonetic differences.

А. Байгаж

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева,

Астана, Республика Казахстан

(E-mail: aika4280@mail.ru)

Заемствованные слова в устной речи казахов Монголии

Аннотация. Актуальность изучения языка народов, проживающих не на своей территории, определяется особенностями их формирования, функционирования и сохранения в условиях междиалектных и межъязыковых контактов. Этнические казахи в силу различных исторических, социальных, политических причин и ареально-культурных контактов издавна проживают в разных странах мира, в т.ч. и на территории Монголии. Миграция казахов в Монголию особенно активно происходит в первой половине XX века, когда казахи начинают локально проживать в западной части страны, в районе Баян-Улгий, создавая свой полиязычный говор, насыщенный иноязычными лексемами, особенно монголизмами, что обусловлено, несомненно, языковой средой, обширным функционированием монгольского языка.

Несмотря на определённую изученность монгольских заимствований в казахской речи, их исследование является актуальным и востребованным и требует системного подхода. Исследуя монгольские заимствования в казахской речи, автор статьи методом сплошной выборки определяет наиболее распространённые заимствования, охватывающие разные сферы жизнедеятельности человека, используя метод анкетирования, выявляет степень казахско-монгольского билингвизма. В результате проведенного анализа автор приходит к следующим результатам: 1) язык компактного проживания казахов в Монголии следует отнести к локальному говору или койне; 2) сферой употребления говора является устная коммуникация при редком проникновении в письменную речь; 3) заимствованные слова в казахской речи сохраняют основной лексический смысл, но имеют фонетические изменения в сфере консонантизма и вокализма, обусловленные разной типологией языков и особенностью их артикуляционной базы.

Ключевые слова: миграция, казахи Монголии, языковой контакт, заимствованные слова из монгольского языка, баян-улгийский говор, устная речь, сохранение лексического значения, фонетические различия.

Автор туралы мәлімет:

Байгаж Айжан, постдокторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Сәтбаев көш., 25, Астана, Қазақстан Республикасы.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2939-9292>

Scopus ID: 57194520412

Information about author:

Baigazh Aizhan, Postdoctoral Researcher, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2939-9292>

Scopus ID: 57194520412

Сведения об авторе:

Байгаж Айжан, постдокторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2939-9292>

Scopus ID: 57194520412